



“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Баршаңызға Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Бұл мейрам – халқымыздың жауынгерлік рухының символы. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз.

№53-54
(4798)

Жұма
9 мамыр
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МАЙДАНГЕР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай елордадағы «Отан Ана» монументіне гүл шоғын қойып, қазақстандық майдангерлердің рухына тағзым етті. Президенттік оркестр Мемлекеттік әнұранды орындап, Құрмет қарауылының ротасы іс-шараға қатысушылар алдында сап түзеді.



ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҮРҒЫНДАРЫ! ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР МЕН ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ!

Сіздерді әрбір қазақстандықтың жүрегінде ерекше орын алатын қастерлі мереке – Жеңіс күнімен құттықтаймын!

9 мамыр күні Ұлы Отан соғысында өмірін құрбан етіп, азаттық пен тәуелсіздікті қорғаған ерлердің ерлігін еске аламыз. Бір жарым миллионнан астам қазақстандық майданға аттанып, олардың жүздеген мыңы үйіне оралған жоқ. Олардың батырлығы, жанқиярлығы мен қайсар рухы Ұлы Жеңістің негізі болды.

Астана қаһармандардың рухына асқан құрметпен тағзым етеді. Біз әрбір ардагерге, әрбір тыл еңбеккеріне Жеңіске қосқан өлшеусіз үлесі үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Сіздердің арқаларыңызда бейбіт аспан астында өмір сүріп, жаңа мемлекет құрып, жас ұрпақты патриоттық рухта және тарихқа құрметпен тәрбиелеп келеміз.

Ұлы Жеңістің даңқы мәңгі жасасын, ал қаһармандарымыздың ерлігі Отанға адал қызмет етудің өшпес үлгісі болып қала берсін. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жақындарыңыздың амандығын тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

10-11
МАМЫР

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі 10:00-ден 22:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында және күн сайын Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23, сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істейді.



Елордада 9 мамырда Ботаникалық бақта елордалық студенттер мен оқушылар арасында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған жеңілдетілетін эстафета өтеді. Эстафета сағат 9:00-де басталады.

«Жастар» саябағында сағат 11:00-ден 17:00-ге дейін және қалалық алаңда сағат 17:00-де мерекелік концерттер, 18:00-де Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры «Ар адамы – Бауыржан» спектаклінің премьерасы, сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін қала әкімдігі алдындағы алаңда әскери оркестрдің құттықтауы, сағат 10:00-де Ж.Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында өтеді Qazaqstan Barysy Grand Slam» дзюдодан халықаралық турнир басталады. Жарыс. Көрермендерге кіру тегін.

10 мамыр күні сағат 17:00-де Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда «Мамыр вальсі» мерекелік концерті, 18:00-де Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының сахнасында «Ар адамы – Бауыржан» қойылымы сахналанады.

Сонымен қатар Жеңістің 80 жылдығына орай «Қамқорлық мекенжайы» акциясы аясында ардагерлерге азық-түлік себеттері табысталады, аулалар қоқыстардан тазартылады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 582.67 \$ USD/KZT 514.5 ₸ RUB/KZT 6.35 ¥ CNY/KZT 71.29

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ӨШПЕС ЕРЛІК –

ЖЕҢІСТІҢ ҚЫЗЫЛ ТУЫ

Ең алдымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызметінің ту ұстаушылар тобы Мемлекеттік туды және Жеңіс туын алаңға алып келді. Жеңістің Қызыл туы – осыдан 80 жыл бұрын әйгілі отандасымыз Рақымжан Қошқарбаев пен оның майдандасы Григорий Булатов Рейхстагқа тіккен тудың көшірмесі. Сұрапыл соғыс жылдары қазақстандық сарбаздар майданның алдыңғы шебінде, ең қанқұйлы шайқастарда ерліктің ерен үлгісін көрсетті. 1945 жылы 30 сәуірде қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаев Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тікті. Осынау даңқты ерлігі үшін Қошқарбаев сол кезде «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Ал 1999 жылы 7 мамырда Рақымжан Қошқарбаевқа «Халық қаһарманы» атағы берілді.

ТАРИХЫМЫЗДЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Мемлекет басшысы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадта сөз сөйледі. Президент Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлем үшін үлкен сабақ екенін атап айтты. «Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Баршаңызға Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Бұл мейрам – халқымыздың жауынгерлік рухының символы. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз. Ұлы Отан соғысы бүкіл адамзат үшін өте қиын сынақ болды. Оның зардабы көптеген елге ауыр тиді, солардың ішінде Қазақстан да бар. Қаһарлы күндер соғыстың тек қасірет әкелетінін көрсетті. Бейбітшіліктің баға жетпес байлық екенін ұғындырды. Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлем үшін үлкен сабақ. Біз осы ақиқатты әрдайым есте сақтауымыз керек. Зұлмат кезеңді бастан өткерген майдангерлер қазір ортамызда отыр. Құрметті ардагерлер, барша халықтың атынан Сіздерге шын жүректен алғыс айтамын! Аға буынның өшпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат. Отаншылдығы мен жанқиярлығы – үлгі-өнеге. Біз Ұлы Отан соғысының ардагерлерін ешқашан ұмытпаймыз! Баршаңызға бас меміз! Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты» деді Мемлекет басшысы.

Президент Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға 1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық аттанғанын тілге тиек етті. «Олардың тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Келер ұрпақтың жарқын өмірі бейбіт келешегі үшін өз өмірлерін құрбандыққа шалды. Даңқты ұл-қыздарымыз ерліктің озық үлгісін көрсетті. Қазақтың жаужүрек ұл екенін паш етті. 500-ден астам жауынгеріміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Сағадат Нұрмағамбетов, Иван Панфилов, Бауыржан Момышұлы, Нұркен Әбдіров, Мәлік Ғабдуллин, Сабыр Рахимов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Рақымжан Қошқарбаев, Хиуаз Доспанова және басқа да көптеген қаһармандарымыз өшпес із қалдырды. Тыл еңбеккерлері соғыс жылдары жанкештілікпен табандылық танытты. Қазақстаннан майданға бір жарым



Астанадағы «Қазақ елі» алаңында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парад өтті. Салтанатты іс-шараға елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам қатысты. Әскери шеру сағат 10.45-тен бастап елордада және барлық облыс орталығында LED-экрандар мен республикалық телеарналардан, сондай-ақ Facebook, YouTube, Telegram әлеуметтік желілеріндегі Ақорданың ресми парақшаларынан тікелей эфирде көрсетілді.

мың вагон киім-кешек пен азық-түлік жіберілді. Елімізге жүздеген кәсіпорын көшірілді, көптеген жаңа өндіріс салынды. Олар өте қысқа мерзім ішінде майданға қажет өнімдер шығара бастады. Жұртымыз жұдырықтай жұмылып, күнітүні жұмыс істеп, қару-жарақ пен оқ-дәрі дайындады, әскери киім тікті. Соғыстағы он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Ұлы Жеңісті ұлықтау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда мәңгі сақтау деген сөз. Олардың ерлігі мен еңбегін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰЛТ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ – ПАРЫЗ

Мемлекет басшысы соғыстың тарихи ақиқатын, мән-мағынасын қасақана бұрмалауға жол берілмейтінін мәлім етті. «Біз Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге баса назар аудардық, еліміз бойынша мыңдаған маңызды, ауқымы кең іс-шара өткізіліп жатыр. 500-ге жуық көшеге Қазақстан қаһармандарының есімі берілетін болды. Елімізде қазақстандық майдангерлерге арналған «Батырларға тағзым» атты шеру өтеді. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғысқа қатысушылардың ұрпағы аталарының суреттерін көшелермен алып жүреді. Бүгінгідей жаһандық саясатқа агрессия мен қатыгездіктің жегі құрты дендеп енген кезеңде соғыстың қасіретін еліміздің барша азаматына түсіндіру аса маңызды. Ақиқатты танымай бейбітшіліктің қадірін білу мүмкін емес. Соғыстың тарихи ақиқатын, Ұлы Жеңістің мән-мағынасын қасақана бұрмалауға жол беруге болмайды. Қазіргі құбылмалы заманда Қазақстан үшін ең басты мақсат – ұлт мүддесін қорғау. Сыртқы саясатымыз осы мақсатты қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатыр. Қазақ халқы – бейбіт халық. «Жаным – арымның садағасы» деген өр намысты, айбарлы ел. Жұртымыздың ерлік дәстүрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді. Алтын Орда, Қазақ хандығы



кезіндегі баһадүр бабаларымыз кең-байтақ жерімізді қорғап, кейінгі буынға аманат етті. Олардың бүгінгі ізбасарлары қазақтың мемлекеттілігін қас қақпай күзетіп тұр. Айбынды армия – тәуелсіздігіміздің қорғаны. Сарбаздарымыз елдің бейбіт өмірін, тұтастығы мен тыныштығын қорғауда. Қарулы Күштеріміз әлемдегі тұрақтылық пен келісімді сақтауға үлес қосып келеді. Жауынгерлеріміз Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясына ойдағыдай қатысуда. Бұл – бүкіл әлемдегі Қазақстан армиясына деген зор сенім. Еліміздің

қорғаныс қабілетін арттыру – аса маңызды міндет. Біз Қарулы Күштерімізді жаңғырта бастадық, армиямызды күшейту үшін нақты жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осы өте маңызды мәселе бойынша Парламент заң қабылдады. Мемлекет әскери қызметшілерге, арнаулы мекемелер мен азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлеріне әрдайым қолдау көрсетеді. Армиямыздың күш-қуаты жауынгерлік рух пен темірдей тәртіпке тікелей байланысты. Сіздердің мінсіз қызметтеріңіз – елдегі қауіпсіздік пен тыныштық кепілі. Біз озық ойлы ұлт ретінде

заң мен тәртіпті бәрінен биік қоятын болдық. Әр азаматтың бойында Отанға деген адалдық пен әділдік болуға тиіс. Құрметті сарбаздар! Ел қорғау – абыройлы міндет және зор жауапкершілік. Бұл – әр азаматтың перзенттік парызы. Сіздермен бірге барша азаматтарымыз Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстанды құрып жатыр. Осы тарихи жұмысымыз табысты болсын! Рухымыз мықты, мемлекеттілігіміз мәңгі болсын! Көк Туымыз биікте желбіресін! Қадірлі Отандастар! Ұлы Жеңістің 80 жылдығы құтты болсын!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ӘСКЕРІМІЗДІҢ АЙБЫНЫН ӘЙГІЛЕГЕН КҮН

Жеңістің 80 жылдығына арналған парад майдангерлердің ерлігіне тағзым етуді, Тәуелсіз Қазақстан армиясының бүгінгі күш-айбынын көрсетуді көздейді. Парадқа Қазақстан Қарулы күштерінің барлық түрінен 4 мыңнан аса әскери қызметкер қатысты. Сондай-ақ арнайы 200-ден аса әскери қару-жарақ пен техника, 66 әскери авиация ұшағы мен тікұшақ әкелінген.

Алғаш рет механикаландырылған колонналардың сапын «Бук», «Тор» зенитті-ракета кешендері, «Барыс», «Алан», «Айбар», «Таймас», «Террекс» дөңгелекті ұрыс машиналары, минаны залалсыздандыратын роботтары бар арнаулы автотөкілтер толықтырып отыр.

Сонымен қатар отандық қорғаныс өнеркәсібі кешенінің кәсіпорындары шығаруды жоспарлап отырған ұрыс машиналары, роботтандырылған қайық және ұшқышсыз басқарылатын ұшу қондырғылары таныстырылды. Әуе кеңістігінен А-400 әскери-көлік ұшағы, L-410 жолаушылар ұшағы және Би-300 патруль ұшағы ұшып өтті.

Әскери парадқа бір топ ардагер арнайы қатысты. Бүгінгі мерекеде майдангерлерге ерекше құрмет көрсетілді.



ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ!



Фотолар akorda.kz сайтынан алынды

ШАҒЫН ҚҰРАМДА
КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

«Ақорда» резиденциясында елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламды ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен То Лам бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, Қазақстан мен Вьетнамның мемлекеттік аңұрандары шырқалды.

Президент Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитеті Бас хатшысының Қазақстанға алғашқы сапарына екі ел арасындағы мызғымас достықтың айғағы деп баға берді. «Вьетнам – Қазақстанның Азиядағы маңызды серіктесі. Біздің өсіп-өркендеу жолындағы мүддеміз – ортақ. Мен екі жыл бұрын Вьетнамға ресми сапармен бардым. Сонда екіжақты ықпалдастықтың жаңа бағыттарын дамытуға уағдаластық. Келесі айда екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастың орнағанына 33 жыл толады. Алдағы уақытта да қос халықтың достығы нығая бермек. Мен бұған кәміл сенемін. Біз ортақ мақсат-міндеттерге жету үшін күш жұмылдыруға әрдайым дайынбыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде То Лам қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін алғыс айтып, бүгінгі келіссөздердің нәтижесі Қазақстан мен Вьетнам арасындағы қарым-қатынастың көкжиегін кеңейте түсетініне сенім білдірді. «Сіздің Вьетнамға жасаған сапарыңыздан кейін екі жыл өткенде біздің делегацияның еліңізге арнайы келуі мемле-



ҚАЗАҚ-ВЬЕТНАМ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ СЕРПІНДІ КЕЗЕҢІ

2024-2025 жылдары атап өтілетін Вьетнамның көрнекті партия және мемлекет басшысы Хо Ши Миннің Қазақстанға ресми сапарының 65 жылдығына орай, 2027 жылы атап өтілетін Қазақстан мен Вьетнам арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың 35 жылдығы қарсаңында, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам 2025 жылғы 6-7 мамырда Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапармен келді. Сапар барысында Бас хатшы То Лам Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер өткізіп, бірқатар маңызды құжаттарға қол қойды.

қарым-қатынас байланыстыратын атап өтті. Сонымен қатар 1959 жылы Қазақстанға Вьетнамның тұңғыш Президенті Хо Ши Миннің келгенін еске салды. Бұл сапар екі елдің сан қырлы ынтымақтастығын дамытудың берік негізін қалаған еді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Вьетнам шынайы стратегиялық әріптестік орнатқанын айтты. «Сіздің Қазақстанға мемлекеттік сапа-

сенімі мен шынайы сүйіспеншілігінің белгісі деп білемін. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, ал қазақ халқының бақ-берекесі арта беруіне тілектеспін» деді Вьетнам Компартиясы ОК Бас хатшысы.

БІРЛЕСКЕН
МӘЛІМДЕМЕГЕ
ҚОЛ ҚОЙДЫ

Екі елдің басшылары Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасында Стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Құжатта тараптар Қазақстан мен Вьетнам арасындағы соңғы жылдары белсенді түрде кеңейіп, нығайып келе жатқан дәстүрлі достық пен ынтымақтастыққа жоғары баға берді; болашақта екіжақты байланыстарды дамыту, сондай-ақ өзара қызығушылық тудыратын өңірлік және халықаралық мәселелер бойынша мазмұнды және жан-жақты талқылаулар өткізді; Қазақстан мен Вьетнам бір-біріне өз өңірлеріндегі аса маңызды серіктес екенін растады; Қазақстан мен Вьетнам арасындағы түрлі салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтуге келісті; жақын болашақта екі ел арасындағы екіжақты қатынастарды нығайту мен одан әрі дамытудың маңыздылығын атап көрсетті.

ДОСТЫҚ КОНЦЕРТІН
ТАМАШАЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен То Лам Қазақстандағы Вьетнам мәдениеті күндері аясында ұйымдастырылған концертті тамашалады. «Астана Опера» театрының сахнасында мәртебелі қонақтар мен елорда жұрт-



кеттеріміздің ынтымақтастығы қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар өзара сенім деңгейінің жоғары екеніне айқын дәлел. Қазақстан Вьетнамның Орталық Азиядағы алғашқы стратегиялық серіктесіне айналады» деді Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы.

НЕГЕ МӘН БЕРІЛДІ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламмен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Вьетнам делегациясына ілтипат білдіре отырып, бұл сапар екі ел арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал ететінін атап өтті. Сондай-ақ Вьетнамның 2040 жылға дейін әлемдегі ең ірі 25 экономиканың қатарына кіруді көздейтін стратегиялық мақсатын қолдап, Қазақстан тарапы осы өршіл міндетті орындау ісіне жан-жақты атсалысуға дайын екенін жеткізді. «Қазір Қазақстан мен Вьетнам арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық

қарқынды дамып келеді. Біз аз уақыт ішінде бірқатар ірі жобаны жүзеге асырдық. Алдағы уақытта да өзара тиімді байланыстарымызды кеңейтуге толық негіз бар. Сіздің осы тарихи сапарыңыз және соның аясында қол қойылатын құжаттар қазақ-вьетнам қатынастарын одан әрі күшейтуге тың серпін береді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Келіссөз барысында өзара сауда-саттық көлемін ұлғайту мәселесіне айрықша мән берілді. Былтыр екі ел арасындағы тауар айналымы 860 миллион долларға жеткен. Тараптар таяу жылдары бұл көрсеткішті 2 миллиард долларға жеткізуге ниетті. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен То Лам туризм саласындағы бірлескен жұмыстың перспективасы туралы пікір алмасты. Қазір Қазақстан мен Вьетнам арасында визасыз режим орнады, ал әуе қатынастарының саны 40-тан асты. Осы ретте Мемлекет басшысы Вьетнам азаматтарының қызығушылығын тудыруы мүмкін Қазақстандағы туристік аймақтарды зерделеп көруді ұсынды.

Өз кезегінде То Лам Мемле-

кет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстан халқына қонақжайлық танытқаны үшін ризашылығын білдіріп, Вьетнам Президенті Лыонг Кыонгтың ыстық ықыласын жеткізді. «Вьетнам мен Қазақстанның ортасында ондаған жылдар бойына тығыз қарым-қатынас орнаған. 1959 жылдың тамыз айында біздің Президентіміз Хо Ши Мин Қазақстанға ресми сапармен келген болатын. Бұл сапар қос халық арасында дәстүрлі достық пен ұзақмерзімді серіктестіктің берік негізін қалады. Содан бері екі елдің байланысы көшбасшылар мен азаматтардың күш-жігері арқасында ұдайы дамып келеді. Қазақстан ертеректе еліміздегі ұлт-азаттық күреске көмек көрсетті, қазіргі кезде де бізді жан-жақты қолдап келеді. Сол үшін Вьетнам халқы мен партиясы сіздерге дән риза» деді Вьетнам Компартиясы ОК Бас хатшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде Вьетнам мәдениетінің күндерін өткізудің маңызына тоқталып, оның мәдени диалог пен халықтар бірлігін нығайтуға септігін тигізетінін айтты. Президент мәртебелі мейманға Отан қорғаушы күні қарсаңында

әскери парад өтетінін айта келіп, Қазақстан мен Вьетнамның әскери-техникалық серіктестігін нығайтуға отандасымыз, генерал-лейтенант Жансен Кереевтің елеулі үлес қосқанын атап өтті. Жансен Кереев 1982 жылы Вьетнам халық армиясы штабының аға кеңесшісі ретінде іссапарға жіберілген. Ол Вьетнам Қарулы күштерін бірге құрысып, елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға атсалысты. Хо Ши Миннің шешімімен Жансен Кереев Вьетнамның ең жоғары әскери наградасы – Қызыл ту орденімен марапатталды. Кездесу соңында Президент Бас хатшы То Ламның елімізге сапары қазақ-вьетнам достық байланыстары тарихындағы жаңа кезеңге жол ашатынына сенім білдірді.

І ДӘРЕЖЕЛІ «ДОСТЫҚ»
ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламға І дәрежелі «Достық» орденін тапсырды. Президент Қазақстан мен Вьетнамды теңен тамыр тартатын достық

рыңыздың тарихи маңызы зор. Бұл қазақ-вьетнам қатынасын дамытудың маңызды кезеңі басталғанын көрсетеді. Бүгінгі келіссөздер қорытындысы бойынша екіжақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеретін стратегиялық серіктестік орнатуға келістік. Бұл үшін мол перспективаға жол ашатын саяси ерік-жігер мен сауда-экономикалық әлеует жеткілікті. Екі ел арасындағы достықты нығайтуға айрықша үлес қосқаныңызды атап өткім келеді. Осы орайда Сізге Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы – І дәрежелі «Достық» орденін табыстауға рұқсат етіңіз. Қазақстан мен Вьетнам ықпалдастығын одан әрі арттыруға қолдау көрсете бересіз деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.

То Лам Қазақстанның ең жоғары мемлекеттік наградасын тапсырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаев пен қазақ халқына алғыс айтты. «Бұл – мен үшін өте құнды марапат. Өйткені мұны елдеріміздің ондаған жылдардан бері жалғасып келе жатқан ынтымақтастығы мен тілектестігінің нәтижесі әрі қос халықтың

шылығына Ханой филармония оркестрі, «Астана Балет» театрының симфониялық оркестрі, «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театрының хоры, сондай-ақ қазақ және вьетнам халықтарының белгілі мәдениет қайраткерлері өнер көрсетті.

«ЭТНОАУЫЛ»
КӨРМЕСІН АРАЛАДЫ

Астанаға мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам қазақ халқының мәдени мұрасын таныстыратын «Этноауыл» көрмесіне барды. Мәртебелі меймандар төл тарихымызды танытатын, соның ішінде ұлтымыздың киім үлгілері, қолөнері, әдет-ғұрпы мен саятшылық дәстүрі, музыкалық аспаптары, кескіндемесі және халық ойындары көрсетілген бірнеше тақырыптық аймақты тамашалады. Экспозицияның әр бөлігі дала өркениетінің ерекшеліктерін паш етеді. Бас хатшы То Лам сәбидің тұсауын кесіп, оның өмірлік жолы ашық болуына тілектестік білдірді.



Әрине, бұл соғыс зардабы қазақтың ұлан-ғайыр жерін айналып өткен жоқ. Ел тағдыры, жер тағдыры таразы басына түскен сын сағаттарда республикамыздың түкпір-түкпірінен осы сұрапыл соғысқа аттанған майдангерлер ұрыс даласында ерен ерліктің өшпес өнегесін көрсетті. Олар Брест қамалынан бастап, Мәскеу, Ленинград, Сталинград үшін болған қанды шайқастар мен Курск доғасындағы бетпе-бет ұрыстарда жігерлік танытты. Украина, Белоруссия, Балтық елдері мен Еуропаны жау қолынан азат етуге өз үлесін қосты.

Ең өкініштісі, қазақ даласынан Қызыл Армия қатарына алынып, жанған от пен жауған оқтың арасынан 600 мыңнан астам солдат майдан даласынан туған топырағына оралмады. Сондықтан бұл күн барша қазақ халқы бірін-бірі, оның ішінде аз болса да ортамызда қатары сиреген аса қымбатты соғыс ардагерлерін 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні мерекесімен шын жүректен құттықтайтын және соғыстан оралмаған боздақтарға тағзым ететін қастерлі күн! Бүгінде сол ұлы тағзым ақиқаты ретінде елордамыз Астанада бастап шалғай ауылдарға дейін майдан даласында қаза тапқандарға арналған «мәңгі от» алаулары тоқтаусыз жанып тұр!

Өйткені Жеңіс мерекесі – кешегі сұрапыл соғыста келешек ұрпақтың болашағы үшін қолдарына мылтық алып, от кешкен жеңімпаз-жауынгер әкелеріміз бен апаларымыздың, олардың ұрпақтарының мейірім қандырар, көңіл басар мерекесі! Сонымен қатар Жеңіс мерекесі – күн мен түнді тең ұстап, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранды ұстанып, толассыз еңбегімен сол Жеңіс күнін жақындатқан тыл майдангерлерінің де мерекесі екені өткен күндердің тарихынан көпке аян.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұлт тарихындағы Ұлы Отан соғысының алар орнына және соғыс ардагерлерінің майдан даласындағы ерлік жолдарына үнемі аса үлкен мән беріп келеді. Елімізде көзі тірі Жеңіс солдаттарына мемлекеттік қолдау мен әлеуметтік көмектің бәрі жасалып отыр. Олай болса, қатары жыл санап азайып бара жатқан ардағы асқақ, пейілі жомарт, ниеті ақ соғыс ардагерлерін әрқашан да құрметтеу бүгінгі ұрпақтың мәңгілік парызы екенін бір сәтте естен шығармауымыз қажет. Өйткені соғыстың зардабын көрген халық кейбір күн мен тыныш заманның қадірін өзгеден артық біледі. Ал Ұлы Отан соғысы адамзат баласы тарихында қатыгездігі мен қантөгісі жағынан барлық шайқастан асып түсті.

1418 күн мен түн жан алысып, жан беріскен майдан даласындағы ұрыстар Қазақстан халқы үшін де өте ауыр сын болғаны баршаға аян. Әр қалада, әрбір елді мекенде соғыс отының алауы шарпымаған отбасы жоқ десек те болады!

Неміс фашистері бастаған қанқұйлы соғыс салдарынан 1710 қала, 65 мың село мен деревня, 73 мың колхоз бен совхоз күйреді. 22 миллионға жуық адамның өмірі қиылып, 10 миллион Совет азаматтары мүгедек болып, 20 миллионнан астам жан панасыз қалды. Міне, Ұлы Отан соғысы әкелген зардап осындай! Жалпы, Ұлы Отан соғысына қазақ жерінен қатысқан 1 миллион 200 мыңға жуық жауынгер Жеңіс күнін жақындатуға өз үлесін қосты. Майдан даласында атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстанның қорғасынынан құйылған екен.

Соғыс алғы шебінде атой салған 100 мыңнан астам қазақстандық солдаттар мен офицерлер түрлі дәрежедегі

ЖАЛАУЫ ЖЕЛЫРЕГЕН ҰЛЫ ЖЕҢІС!

Биыл – XX ғасыр еншісінде кеткен, төрткүл дүниеге ең үлкен алапат қырғын әкелген Ұлы Отан соғысындағы жалауы желбіреген Ұлы Жеңіске 80 жыл. Сондықтан 9 мамыр күні дүние жүзінің барша ізгі ниетті адамзаты Екінші дүниежүзілік соғыстың сексенінші Жеңіс көктемің жылы шыраймен қарсы алары да – уақыт ақиқаты, дәуір шындығы. Сондықтан өрісі өнегелі Ұлы Жеңіс мерекесі – бейбіт өмірді сүйетін барша адамзат баласына ортақ мерейлі мереке! 1945 жылғы мамырдың мамыражай күнінде жау ордасы Рейхстаг төбесінде Жеңіс жалауы желбіреп, күллі адамзаттың болашағына қатер отын шашқан фашизмге соңғы нүкте қойылды. Соңғы зеңбіректен Жеңіс салюті атылды! Сондықтан Жеңіс күні мерекесін барша адамзат баласы ең қасиетті мереке деп санайды.



ордендермен және медальдармен марапатталып, 558-і Кеңес Одағының Батыры атағына ие болса, 100-ден астам жауынгер «Даңқ» орденінің толық кавалері атанған. Халқымызда «Ер есімі – әрқашан ел есінде!» деген мәртебелі сөз бар. Сондықтан өскелең ұрпақ өз ерлерінің есімін ешуақытта ұмытқан емес!

Тұлпар мініп, ту ұстаған батыр ұлы бабалардың рухын асқақтатқан, аманаттарына адалдық танытқан, көк семсердің жүзіндей жарқылдаған жауынгерлердің ерлік жолдары бүгінгі тәуелсіз Қазақ елі жұртының жадында мәңгі сақталары ақиқат. Өйткені бұл – Ұлы даланы ұлықтатқан ұлы дәстүр! Бүгін біз аттары аңызға айналған, жаужүрек Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Мәлік Ғабдуллин, Сағадат Нұрмағамбетов, Сабыр Рақымов, Нұркен Әбдіров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова, Ағаділ Сухамбаев, Ыбырайым Сүлейменов, Төлеген Тоқтаров, Ізғутты Айтықов, Сұлтан Баймағанбетов пен қос жұлдызды қаһарман ұшқыш Талғат Бигелдинов сынды жүздеген даңқты батырларымыздың есімін мақтанышыпен айтып, ерлік жолын өскелең ұрпаққа үнемі өнеге етіп келеміз. Дегенмен Ұлы Отан соғысының тарихында есімдері жалпақ жұртқа онша мәлім болмаған қаншама жаужүрек қазақтың ұл-қыздары бар. Олардың қатарында Қызылорда облысы Жаңақорған ауданынан Қызыл Армия қатарына шақырылған Айтмахан Нақыпов 1945 жылғы Жеңісті күндері Берлинге алғаш кірген танк экипажының командирі болса, семейлік Ғали Әділбеков – Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ халқынан шыққан тұңғыш танк бригадасының командирі және түркі халықтары арасынан танк әскерінің подполковнигі атағына алғашқы ие болған офицер.

Сонымен қатар неміс фашистерінің Рейхстагтан кейінгі ордасы, «Империя кеңсесі» аталған Ратушаның төбесіне Жеңіс туын қадаған батысқазақстандық Кенжебай Мәденов жайлы Кеңес Одағының Маршалы, төрт мәрте батыры, соғыс тактикасының дүлдүлі, даңқты Георгий Жуковтың «...29 апреля в центре города развернулась наиболее ожесточенные сражения. На Ратушу наступали 100-й стрелковый полк и 1010-й полк 266-й стрелковой дивизии. Первым сюда ворвался взвод лейтенанта К.Маденова» деген естелігінен қазақ жауынгерінің айрықша ерлігін анық көруге болады.

Ақмола облысының тумасы ефрейтор Жаппархан Асаинов Қызылтулы 81-теміржол батальоны құрамында әскери ұрыстар мен әуе шабуылы кезінде бұзылған және істен шыққан темір жол тораптарын қайта қалпына келтіру мен әскери жүк тасымалдауын тоқтаусыз қамтамасыз етудегі сіңірген ерен ерлігі мен жанкешті еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған. Оған бұл биік марапат салтанатты жағдайда Кремльде тапсырылған екен. Жалпы Ж.Асаинов Социалистік Еңбек Ері атағын тұңғыш алған қазақ деген де деректер бар.

Тағы бір көпшілік біле бермейтін дерек, ол Қарағанды қаласынан майданға аттанған Жамал Байтасова, Күлкен Тоқбергенова, Күлжәмила Талқанбаева және Жәмила Бейсенбаева атты тракторшы қыздар Ұлы Отан соғысында Одақ бойынша толықтай қыздардан жасақталған жалғыз әйелдер танк экипажы құрамында болған. Өкінішке қарай, танк экипажы 1944 жылдың желтоқсан айында ерлікпен қаза тапқан. Сондай-ақ жау жағадан алған сол жылдары, майданға жауынгерлер қолы жетпей жатқан қиын кезде амалсыздан қылмыстық жазасын өтеушілер қатарынан айыптылар (штрафбат) батальондары құрылғаны соғыс жылнамаларынан белгілі. Қандас бауырымыз Халида Маманова – осы айыптылар батальонында

соғысқан жалғыз қазақ қызы. 1943 жылы Днепр өзені үшін болған шайқаста қатардағы жауынгер-пулеметші Жәнібек Елеуісов небәрі 18 жасында Кеңес Одағының Батыры атағын алған ең жас қазақ жігіті екенін біреу білсе, біреу білмес.

Тұтқынға түскен қаншама жауынгер Бухенвальд, Освенцим, Дахау, Майданек, Аушвиц сияқты көптеген азап лагерьлеріндегі адам төзбес қиындықтардан өтті.

Сондай-ақ соғыстан кейін дивизия командирі болған даңқты Бауыржан Момышұлы Кеңес Одағының Маршалы К.Е.Ворошилов атындағы I дәрежелі Суворов орденді жоғары әскери академияны бітірген тұңғыш қазақ болса, Мәлік Ғабдуллин – бейбіт өмірде ғылым жолын тандап, филология ғылымдарының докторы, профессор деңгейіне көтеріліп, Кеңес Одағының Батыры және КСРО Ғылым академиясының академигі сынды қос мәртебелі атаққа ие болған жалғыз жан. Қазіргі таңда елімізде әскери және күштік құрылым қызметкерлеріне арналған «Айбын» Жалпы Ж.Асаинов Социалистік Еңбек Ері атағын тұңғыш алған қазақ деген де деректер бар.

Сонымен қатар қазақ офицерлері арасынан ең алғашқы генерал-майор атағына Шәкір Жексенбаев – соғыстың нағыз қызған шағы 1943 жылы ие болса, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі болған армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған жалғыз генералымыз. Техникалық әскерлердің генералы Ш.Жексенбаевтың таланты мен кәсіби біліктілігінің арқасында соғыс жылдарындағы әскери өмірі көрнекті қолбасшылар, «Жеңіс маршалдары» К.К.Рокоссовский, С.К.Тимо-

шенко, Б.М.Шапошников, А.И.Еременко және Л.К.Говоровтармен қатар әрі өте тығыз араласта болғанынан оның аса жоғары дәрежелі әскери химик маманы болғанын айқын байқауға болады. Ең өкініштісі, елімізде осы даңқты генералдың ерен есімі елеусіз қалып, аты бірде-бір әскери оқу орнына берілмеген.

Жалпы, қиян-кескі сансыз шайқастарда көзсіз ерлік көрсеткен қанша қазақ жауынгерлері әскери қолбасшылық тарапынан Кеңес Одағының Батыры атағына ресми түрде ұсынылғанмен, ол ұсыныстар Бас штабтан қолдау таппаған. Бұл да сол сұрапыл соғыстың тарихы!

Бір сөзбен айтқанда, 60 миллионнан астам адамның тағдырын жалмаған сұрапыл соғыстың салмағы тым ауыр. Бірақ сол соғыстың жаралы жазасы да, биік бағасы біреу-ақ еді, ол Ұлы Жеңіс болатын! Ал өмір философиясында соғысты адамдар бастаса, оның соңғы нүктесін қоятын да, Жеңіс жалауын көкке желбірететін де – адамдар! Нақтырақ айтсақ, Жеңіс солдаттары, жаужүрек батырлар!

Мүмкін сол сұрапыл соғысты басынан өткізген мыңдаған жауынгерлердің кеудесінде «Алтын Жұлдыз» жоқ шығар?! Бірақ олар жүрегінде батырдың «Алтын Жұлдызы» жарқырап тұрған жеңімпаз солдаттар!

Сондықтан ұрпақ санасынан сол батырлардың аттары ешқашан өлмейді, ерліктері ешқашан өшпейді және олардың есімдері туған халқымен ғасырлар бойы мәңгі жасарына сенімдімін! Оған тарихы тарлан, өнегесі өрісті, үлгісі үкілі Ұлы Отан соғысының ұмытылмас жарқын жылнама беттері айқын дәлел.

Қанқұйлы гитлершілдер Совет Одағы аумағына аса тез қарқынмен кіріп, 1941 жылдың қыс мезгіліне таман сұрапыл соғыс КСРО астанасы – Мәскеу қаласы түбіне дейін жетті. Қазақстандық жауынгерлердің ерлік жолдары осы жерде айқын көрінгені де соғыс тарихынан белгілі.

Мәскеу іргесіндегі Дубосеково разьезі маңындағы ұрыста 28 панфиловшы-жауынгер фашистердің 50 танкісіне қарсы тұрып, кескілескен шайқаста 18 танкі мен жүздеген неміс солдаттарының көзін жойып, қасық қандары қалғанша соғысып, қаһармандықпен қаза тапты. Олардың барлығы да Кеңес Одағының Батыры деген мәртебелі атаққа ие болды. Сол ұрыста саяси жетекші Василий Ключковтың «Шегінерге жер жоқ! Артымызда Мәскеу!» деген қанатты ұран сөзі бүкіл соғыс жылдарында барша жауынгерлерге рух бергені де – тарихи ақиқат! Бұл Қазақстанда жасақталған қолбасшысы генерал-майор И.В.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясына қарасты 1075-атқыштар полкінің жаужүрек жауынгерлері еді.

Жыры алыбы Жамбыл Жабаевтың соғыстың аса күрделі шағында адам баласы төзбес қоршау қиындығын басынан өткізген ленинградтықтарға арнап жазған «Ленинградтық өренім» атты қолдау жыры оларға жігер мен қуат берді.

Сондай-ақ қазақтың жауырыны жерге тимеген нар палуаны Қажымұқан Мұңайтпасов бастаған жүздеген отандастарымыз неміс басқыншыларына қарсы өздерінің жеке қаражатына самолеттер мен танкілер жасатқаны және «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен күндіз-түні тынымсыз

жұмыс жасаған тыл еңбеккерлерінің ерен істері арқасында эшелон-эшелон азық-түлік, жылы киім-кешек майданға жіберілді.

Жалпы, Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналып сансыз тарихи кітаптар мен өлеңдер, әндер мен мақалалар жазылып, ескерткіштер мен есімдері жазылған мәрмәр тақталар тұрғызылып, көркем және деректі фильмдер түсірілді десеңізші... Сондықтан бұл соғыс зардабы мен тауқыметін тартқан адамзат баласы үшін мәңгілік тақырып болып қала беретіні анық. Өйткені айлар аунап, жылдар жылжып, дәуір озған сайын «Жеңіс» деген құдіретті сөздің мәні мен мағынасының биіктей түсері анық.

Қазақстанның халық әртісі, белгілі әнші-композитор Алтынбек Қоразбаев шығарған қасіретке толы «Қара кемпір» әні қан майданнан хабар-ошарсыз кеткен перзенттерін екі көзін жаспен жуып телміре күткен, белі айналып теңселе тосқан, «менің балам аман!» деген үміті мен сенімін өмір бойы үзбеген, түн ұйқысы бұзылған киелі аналардың гимніне айналғаны да – заман ақиқаты.

Сол сұрапыл соғыстан аман оралған Жеңіс солдаттары қызу еңбекке араласып, республика экономикасын көтеруге атсалысты. Олар түрлі шарушылықтар мен аудандардың, қалалар мен облыстардың басшылары деңгейіне көтеріліп, адал еңбек пен іскер ұйымдастырушылықтың үлгісін көрсетті. Еліне есен жеткен жауынгерлердің алғашқы перзенттерінің есімдері де не Жеңіс, не Амангелді, не Қуаныш болғаны да өмір ақиқаты!

Халқымызда «қанды соғыс ерге сын, қаптаған жау елге сын» деген қасқая қарайтын марқасқа мақал бар. Міне, ел басына найзағайдың жарқылындай қатер әкелген Ұлы Отан соғысы ерге де сын, елге де сын болды. Бірақ фашизм құрсауынан еркіндікке деген құштарлық пен Жеңіске деген жігер жауынгерлерді осы қиын сындардан аман алып шықты. Мына соғыссыз өткен, бейбіт күн сәулелі шуағын шашқан, жаңа ұрпақ өскен 80 жыл бойы қоғам соғыс және тыл ардагерлері өткен соқпақты жолдар мен қиын-қыстау күндерден үлгі-өнеге алып келеді.

Ең өкініштісі, соғыстың азабы мен тозағын көре жүріп, Жеңіс туын желбіреткен мыңдаған соғыс ардагерлерінің басым бөлігі бүгінде ортамызда жоқ. Олар 80-інші Жеңіс көктемінде алма ағаштарының бұр жарып, гүл ашқанын көре алмай, майдан даласында оларға рух берген «Катюшаның» ойнақы әуенін қайта ести алмай кетті... Соңғы статистика мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі таңда республикамызда небәрі 120-ақ қарт жауынгер қалған екен. 2015 жылдың 18 қыркүйегінде Қазақстандағы ең соңғы Кеңес Одағының Батыры Иван Васильевич Косенков Алматы облысы Үштөбе қаласында дүниесін салды. Одан бір жыл бұрын даңқты ұшқыш Талғат Бигелдинов өмірден өткен еді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың ағымдағы жылдың 26 наурызындағы №823 Жарлығына сай белгіленген «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалін кеудесіне таққан әрбір азамат соғыс ауыртпалығын есінде сақтап, бейбіт өмір қадірін терең түсіне жүреді деген сенімім мол.

Иә, ұршықтай зырылдаған, сынаптай сырғыған патша уақыт өз дегенін жасайды. Сондықтан Ұлы Отан соғысының қайталанбас тағылымы өткен соғыс отының алаулаған тарихы мен оны жаңғыртып отырған бүгінгі ұрпақ айдан аман, жылдан есен болып, еске салар қастерлі уақыттың тырсылы тоқтамасын! Еліміз аман, соғыссыз заман болсын!

Қырғызәлі ТІЛЕУОВ,
зейнеткер



№53-54 (4798) 09/05/2025 Жұма

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

1941 жылдың 22 маусымы, жексенбі күні. Мәскеу уақыты бойынша 12.00-де КСРО-ның Сыртқы Істер халық комиссары Молотов соғыс басталғанын жасидылап, үндеуін таратты. Үндеуі кейін қандотты сөзге айналған: «Біздің ісініз ала, жау жөнделі көрсек, жеңіс біздікі» деп аяқтады. Сол сөтте кеңес халқы алғаш рет «Отан соғысы» деген сөзді естіді. Қазақстан азаматтары дәрәу әскери комиссариаттарға барып, майданға аттануға өтініш білдірді. Үш күн бойы әскери комиссариаттар төуік бойы жұмыс істеді. Оларға шақырығандар да, өріктер де көліп жотты.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ

Соғыс жылдарында Қазақстаннан **1 196 164** адам майданға аттанды. Олардың ішінде **600 000**-нан астам қазақстандық соғыстан оралмады, **270 000** адам хабар-ошарсыз кетті.

Окупацияланған аумақтарда шамамен **3 500** қазақстандық партизандық жасақтарда жаумен шайқасты.

Ұлы Отан соғысындағы өріктері үшін **528** қазақстандық «Кеңес Одағының Батыры» атағына ие болды, олардың 88-і қазақ ұлтының өкілдері еді.

МАЙДАНДА

Фашистердің алғашқы 13 соғысын қабылдағандардың қатарында аңызға айналған Брест қамалының қорғаушылары болды. Олардың ішінде қазақстандықтар да бар. Іздеушілердің мәліметіне сәйкес, қазіргі уақытта Брест қамалын қорғаған **700**-ден астам қазақстандық анықталған. Қамалда орналасқан Мәңгілік алау манында 6 қазақстандық жерленген.

Сонымен қатар Мәскеу үшін шайқасқа Қазақстаннан жасақталған **316, 238, 312, 387**-атқыштар дивизиялары, сондай-ақ **75**-теніз атқыштар бригадасы қатысты.

1941 жылғы 16 қараша – 316-дивизия жауынгерлерінің жалпай өрік көрсеткен күні. Мәскеу гимнінде осы күнге арналған жолдар бар.

Ленинград қорғанысы мен қоршауды бұзу операцияларына Қазақстаннан құрылған 310 және 314-атқыштар дивизиялары белсенді түрде қатысты. Олар 500 күнге жуық Сиваян батпағында, Невский плацдармында және «Өмір жолында» шайқасты.

Мәскеу үшін шайқаста Алматыда құрылған әйгілі 316-атқыштар дивизиясы – кейінгі 8-гвардиялық Пандилов атындағы атқыштар дивизиясы ерекше көзге түсті. 1941 жылғы 16 қараша – 316-дивизияның жалпай өрік көрсеткен күні.

Соғыс кезінде 100 мыңнан астам қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының жауынгерлік орденімен мен медалдарымен марапатталды. 113 қазақстандық жауынгер «Даңқ» орденінің үш дәрежесінің толық кавалері атанды.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ

Кеңес Одағының Батыры атағын алған халықтар саны бойынша қазірет 6-орында:

Орыстар – **7998**;

Украиндар – **2021**,

Белорустар – **299**,

Татарлар – **161**,

Еврейлер – **107**,

Қазақтар – **104**.

Соғыста қаза тапқандардың пайыздық үлесі:

Орыстар – **5 747,1 мың адам (66,3%)**

Украиндар – **1 376,5 мың адам (15,4%)**

Белорустар – **251,4 мың адам (2,9%)**

Татарлар – **183,3 мың адам (2,2%)**

Еврейлер – **138,7 мың адам (1,6%)**

Қазақтар – **601 мың адам (1,5%)**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ӨНЕРКӘСІП

1942 жылдың көктеміне қарай Қазақстанда **78 госпиталь** жұмыс істеді, ал соғысқа дейін олардың саны небәрі 2-еу ғана болатын. Бұл госпитальдарда бір уақытта **24 000**-ға жуық науқас емделді.

Өнеркәсіпте жұмыс істеу үшін **700 000**-ға жуық адам мобилизацияланды.

1941–1945 жылдары Қазақстанда 460 зауыт пен фабрика салынды, олардың 220-сы эвакуацияланған кәсіпорындар болды. Сонымен қатар жаңа рудниктер мен шахталар ашылды.

Көптеген зауыт пен фабрикаға соғыс кезінде бұрынғы жұмысшы және инженерлік-техникалық персоналдың оннан бірі ғана келе алды.

Станоктарда жергілікті тұрғындар – қарттар, әйелдер және жасөспірімдер тұрды. Олар 2-3 ауысыммен жұмыс істеп, цехтардың ішінде, станоктардың жанында ұйықтады.

Соғыс кезінде атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан құйылған.

Қазақстанның жеңіл және жергілікті өнеркәсібі жалпы әскери тапсырыстардың **47,7%**-ын орындады. Өндірілген өнімдер **2,45** дивизияны, яғни 2 миллионға жуық жауынгер мен командирді киім-кешек және аяқкиіммен қамтамасыз етті.

ТАБИҒИ-РЕСУРСТЫҚ КЕШЕН

Соғыс жылдарында Қазақстан:

85% қорғасын,
35% мыс,
60% молибден,
65% висуит,
79% полиметалл өндірді.

Қазақ мемлекеттік университетінің комсомол жастары «Кеңес студенті» танк колоннасын жасауға қаражат жинау бастамасын көтерді. Бұл бүкілодақтық шара болды. 1945 жылы «Кеңес студенті» танк колоннасы Берлин шабуылына қатысқан.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КЕҢПЕЙІЛДІГІ

1941 жылдың соңына дейін Қазақстанға **366,43 мың** адам, оның ішінде **136,5 мың** бала қоныс аударды. 1942 жылы тағы **532,5 мың** адам көлді.

Соғыс жылдары Қазақстан саяси күшін сүргінге ұшыраған **1 миллионнан** астам ұлт өкілі қабылдады.

Жалпы, Қазақстанға **2 миллионнан** астам адам көшірілді.

Қазақстан халқы оларды тамақпен, баспанамен, жұмыспен қамтамасыз етіп, балаларды мектептерге орналастырып, жетімдерді асырап алып, жаңа балалар үйлерін ашты.

Бүгінде Қазақстанда **130**-дан астам этнос өкілдері тұтылық пен бейбітшілікте өмір сүріп жатыр.

Қырым татарлары, немістер, қалмақтар, чешендер, ингуштер ... Қоршаудағы Ленинград балалары, Беларусь пен Ресейден эвакуацияланған балалар үйлері ... Олардың барлығына Қазақстан пана болып, қиуар адамның өкініш атанына айналды.

Олар қазақ жеріне сіңісіп, еңбек етті, отбасын құрды, тамыр жайды. Осылайша, Қазақстан бірлігі бекем мемлекетке айналды.

СОҒЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ

1939 жылдан 1941 жылдың маусымына дейін Қазақстаннан Қызыл Армия қатарына **187 000** жауынгер шақырылды, олардың ішінде **40 600**-і қазақ ұлтының өкілдері еді. Көптеген қазақстандық 22 маусым күні-ақ майдан даласында соғысты бастан көшірді.

1941 жылдың 1 маусымындағы мәлімет бойынша, Қазақстан халқының саны **6 447 800** адам болған. Соның ішінде мобилизацияланғандар 21,2%-ды құрады.

1941 жылдың 12 шілдесінен бастап Қазақстан аумағында республика тұрғындарынан құрылған әскери дивизиялар жасақтала бастады. Ал 1941 жылдың қараша айынан бастап ұлттық (қазақ) жеке әскери құрылымдар құрыла бастады.

Қазақ КСР аумағында 12 атқыштар дивизиясы, 4 кавалерия дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, түрлі әскер түрлерінен 50-ге жуық жеке полк пен батальон құрылды. Олардың ішінде 3 кавалерия дивизиясы және 2 атқыштар бригадасы қазақ ұлттық құрамалары болды.

Әскери авиацияның әуе шабуылдарынан бейбіт халық арасында шамамен 300 адам қаза тапты. Жалпы, соғыста Қазақстан халқының 11,2%-ы құрбан болды.

КАДР ДАЯРЛАУ

Соғыс жылдары 30 әскери оқу орны эвакуацияланып, ішінара қайта құрылды. Осы оқу орындарынан армияға дайындаған әскери кадрлар жерірілді.

Қиын соғыс жылдарында **5** жаңа жоғары оқу орны ашылды:

Консерватория,
Қыздар педагогикалық институты,
Шет тілдер институты,
Алматы дене шынықтыру институты,
Шымкент құрылыс материалдары технологиялық институты.

ОТАН БАТЫРЛАРЫ

Лейтенант Рақыржан Қошқарбаев – Берлин үшін шайқаста Рейхстагқа жеңіс туын алғаш тіккендердің бірі.

Танк әскерінің қолбасшысы генерал-майор **Құлшам Семеңгер** – Қазақстанның шыққан алғашқы Кеңес Одағының Батыры.

Полковник, пандиловшы **Бауыржан Момышұлы** – Кеңес Одағының Батыры атағын Ұлы Отан соғысы кезінде емес, тек қайтыс болғаннан кейін алған алғашқы қазақстандықтардың бірі. Ол білі атақты 1950 жылы 11 желтоқсанда, қайтыс болғаннан кейін иеленді.

Сұлтан Баймағамбетов, Иманғали Балтабанов, Иван Бабин, Сүлеймен Мәжісқұлов, Боран Яхсанбаев, Атаділ Сұманбаев жау доттарына өз денелерімен жалаң.

Пүлметші Мәнішүк Мәметова мен **мәрген Әли Молдағұлова** – Шығыс пен Қазақстан шыққан Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған жалғыз әйелдер.

18 жастағы **Әли Молдағұлова** 78 фашисті дәл көздеп атып жойған.

Хиуа Доспанова – алғашқы қазақ әйел-ұшышы. Орал аэроклубын бітіріп, өрікті түрде майданға аттанып, түнгі бомбалаушы ұшақты басқаруды меңгерген.

Талап Бегдәліев – шабуылдаушы ұшышы, соғыста №13 ұшақпен ұшыды бастаған. Соғыс жылдарында 500 сағат әуеде болып, 305 рет жауынгерлік ұиуға қатысқан.

Ұшықштар **Нүркен Әбдіров, Петр Теряев** және **Михайл Янко** капитан Гастеллоның өрілігі қайталап, жау техникасын өз ұшақтарымен қиратты. Нүркен Әбдіров Волгарадтағы Мамаяв қорғанында «Отан-Ана» мемориалында жерленген.

Қазақстанның шыққан ең жас Кеңес Одағының Батыры – 18 жастағы **Жәнібек Елеусов**, ол Днепр өзенін кесіп өту кезінде қаза тапты.

ҚАЗАҚСТАН ЕҢБЕККЕРЛЕРІ

Қарағанды шахтерлері соғыс жылдарында **34** миллион тонна көмір өндірді.

Мұнай өндіру көлемі **39%-ға** артты.

Даңқты диандар **Ыбырай Жақаев, Шығанақ Берсиев** пен **Ким Ман Сам** өлемді рекорд орнатты.

Қазақстан еңбеккерлері майданға **1500** вагон киім мен азық-түлік жіберді. Қорғаныс қорына **4 миллион** рубльден астам қаражат аударылды.

1943 жылы Қазақстан неміс-фашист басқыншыларынан азат етілген аймақтарға көмек көрсете бастады. Қазақстан армиятерінде Кеңес Одағының азат етілген аймақтарына көрсетілген бауырластық көмек туралы деректер сақталған.

Қазақстан көмектескен өңірлер – Сталинград, Мәскеу, Ленинград, Калинин, Смоленск, Курск, Орел облыстары (Ресей), Украина, Беларусь, Молдова, Балтық жағалауы елдері.

ХАЛЫҚ РУХЫ

1941 жылдың қыркүйегіндегі қиын-қыстау күндерде қазақтың халық ақыны **Жамбыл Жабаев** «Ленинградтық өренім!» атты өлеңін арып, ленинградтықтарға рухани қолдау көрсетті.

Майдангер жазушылар өз шығармалары арқылы патриотизм мен өріктік биік мұраттарын насихаттап, майдандарға жауынгерлердің рухын көтеруге зор үлес қосты.

Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин генерал И.В.Пандилов басқарған 28-гвардиялық дивизия құрамында соғысты. Ол 1-автоматшылар ротасының саяси жетекшісі, 2-атқыштар батальонының комиссары, полктің үгітшісі болды. Академик-педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор, қазақ фольклорының зерттеушісі. Соғыс туралы «Менің майдандас достарым», «Алтын жұлдыз», «Сұрапыл жылдар» сынды кітаптардың авторы.

Кемел Тоқиев – Ұлы Отан соғысының қатысушысы, жазушы өрі журналист. Соғыс жылдарының шыңдығын суреттеген шығармаларымен танымал. Оның ең белгілі туындыларының бірі – **«Солдат соғысқа кетті»** романы. Шығармада солдат тағдыры, соғыс қиындықтарын жеңе білу және адамгершілікті сақтау мәселелері шынайы бейнеленген.

Майдангер ақын өрі жазушы **Әзілхан Нұршайымқов** Ұлы Отан соғысына арналған 40-тан астам кітап жазған. 1978 жылы жарияланған «Ақиқат пен аңыз» роман-диалог арқылы кеңінен танымал болды. Шығарма Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлымен сұхбатқа құрылған.

Қазақстанның Халық Қаһарманы **Қасым Қайсенов** – танымал партизан, А.Фадеев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы.

Әбдіжәміл Нұрпейісов Ұлы Отан соғысы жылдарында майданда болып, ұрыстарға қатысқан. Жазушы соғыс жылдарының ауырлығы мен адамдардың өрік рухын өз шығармаларында шынайы жеткізе білді.

Салық Зимановтың туындылары соғыс жағдайындағы адам психологиясын терең зерттейді. Оның «Батырлар» атты еңбегі – кеңес жауынгерлерінің өрілігі және оның оқиға асрын сипаттайтын маңызы шығарма. Зиманов сол қаһармандық оқиғалардың тікелей куәгері өрі қатысушысы болғандықтан, соғыс жылдарының атмосферасын сенімді суреттей алды.

Майдангер өрі әскери тілші **Қасым Аманжоловтың** өлеңдері өрік пен қайсарлықтың рәмізіне айналды. Оның «Жаңа қала» атты атақты өлеңі – соғыс салдарынан туған қайғы мен үмітті, ауыр кезеңдерге қарамастан болашаққа деген сенімді бейнелейтін шығарма.

Соғыс жылдары Қазақ КСР өнер қайраткерлері 20 000-ға жуық спектакль мен концерт өткізді.

Роза Бағланова – соғыс жылдарында майдан даласында өнер көрсеткен Қазақстанның ең танымал әншілерінің бірі. 1941–1945 жылдар аралығында майдан шептерінде концерт қойды. Оның майдандық репертуарында 20 тілде 500-ге жуық өн болды, ол 1000-нан астам әскери концерттерге қатысты.

Жамал Омарова – Қазақстанның халық өртісі, 1942–1944 жылдары майдандағы жауынгерлер мен командирлер алдында, әскери госпитальдарда өнер көрсетіп, кеңестік композиторлардың патриоттық әндерін орындады. Оның орындауындағы «Ақ дарига», «Билық», «Легила» сынды қазақ халық әндері, «Алтай», «Малышок», «Менің өлім», «Сіңістікте ақ атыл», «Ұстаз» және басқа да қазақ композиторларының шығармалары, КСРО халықтарының өндері ерекше танымал болды.

Белгілі қазақ бишісі **Шара Жиеңқұлова** өз қаржыатына бір танк жасатып, оны өз өсімімен атады.

ЖАУЫНГЕР ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Аты аңызға айналған ұстаз-ғалым, заңгер, «Отан» орденінің иегері, академик Салық Зиманов Ұлы Отан соғысының жауынгері ретінде 7 жыл қан майданда болған. Полк командирі дәрежесіне дейін көтеріліп, Жеңіске жетіп, елге аман-есен оралған. Жеңістің биылғы 80 жылдығы қарсаңында ұстазым туралы айтарым көп.

Бейбіт өмірде ғылымның көшбасшысы, реформаторы болып, көптеген шәкірт тәрбиеледі. Ол кісінің бір қасиеті – талантты адамдарды маңайына жинай білді және олардың көпшілігіне қабілетіне қарай ғылыми жұмыстардың бағдарламасын ұсынды. Ол кісінің шекпенінен шыққан атақты ғалымдар – Жабайхан Әбділдин, тарихшы Қабдеш Ыдырысов, заңгер Ер-кеш Нұрпейісов, М.Құл-Мұхамед сынды тағы басқа азаматтарға және маған жол ашып берді.

Салық Зиманов – қазақ ғалымдарының арасынан шыққан тұңғыш заң ғылымдарының докторы, профессор және Қазақ Ұлттық ғылым академиясының академигі болған ірі тұлға. Кезінде ҰҒА-ның президенті Қаныш Сәтбаев Салық Зимановтың дарынын байқап, оның заңтану саласындағы жолына батасын берген болатын. Ал С.Зиманов сол ақ батасын, аманатын өзінің айналасындағы азаматтарды, жастарды тәрбиелеу арқылы ақтады.

Халыққа және қоғамға айтары бар адам көп әңгіме айтқанша, кітап жаза білгені пайдалы қазына емес пе?! Мен де осындай ойға келіп, ұлттық рухани ұстазым, заңғар ғалым Салық Зимановқа арнап көзіңізді тірісінде «Құқықтық публицистикалық ойлар» және «Ғылымдағы ғасыр абызы» деген тақырыпта екі кітап дайындадым. Ол кітапқа еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлері Ә.Нұрпейісов, Т.Шарманов, К.Ормантаев, К.Сағадиев, Қ.Сұлтанов, М.Құлмұхамед және тағы басқа тұлғалардың естеліктерін алты айлап жүріп, аузынан жаздырып алып, енгіздім. Ал ол тұлғалардан естелік алудың өзі уақытына байланысты оңайға түскен жоқ. Қаншама күндер мен айларды, уақытымды ұстазым үшін сарп етіп, естеліктерді көзі тірісінде жаздырып алғаным үлкен олжа еді. Бұл кітаптарды кезінде көп тиражбен шығарып, Қазақстан аудиториясына тегін тараттық. Ал қазір осы аталған көп тұлғалар бақилық болып кетті. Менің қуанатыным, кітап естелік ретінде әлі сөйлеп тұрғаны қандай тамаша?!

1994 жылдың жаз айларының әдемі күндерінде Ташкентте өтіп жатқан халықаралық ғылыми конференцияға қатыстым. Осы жиында аты аңызға айналған заң ғылымдарының корифейі, сол кездегі Жоғарғы Кеңестің депутаты, заңдылық жөніндегі комитет төрағасы Салық Зиманов алғашқы баяндама жасады. Ол кісі сөйлеген сөтте залда тыныштық орнады. Қатысушылардың бәрі жас шәкірттері секілді С.Зимановтың аузынан шыққан әрбір сөздерге ден қойып, тамсана тыңдап, қол шапалақтап отырды. Ойпырмай, академиктің әрбір сөзі өте терең ойлы, құқықтық реформа туралы толғаныстарын жайып салды. Не деген энциклопедиялық білім?! Шешендігі қандай?! Баяндама барысында философиялық толғамадан айтып, зиялы адамның жоғары мәдениеттілігін көрсете білді, залдан қойылған бірнеше сұраққа шапшаң жауап беріп, әр сөздерін ғылыми кітаптардың атын атап, тарауларына сілтеме жасады. Баяндама аяқталғанда, залда отырған Өзбекстан Ұлттық ғылым академиясының екі академигі – Әнуар Ағзамқоджаев пен Шафкат Уразаев екеуі орнынан тік тұрып, ду қол шапалақтады. Зал түтел түрегеліп кетті. Осылайша дүйім ел Салық Зимановқа құрмет көрсетті.

Үзіліс кезінде әңгімелесіп тұрған сәтте көзі маған түсіп, қасына шақырып алды. Маған сонда айтқан: «Алауханов, сенің орталық баспасөздегі мақалаларыңды оқып жүрмін, кейбір еңбектеріңмен таныспын. Маған сен туралы Әділет министрі Нағашыбай Шайкенов жақсы пікірлер айтқан. Менің хабарым бар, сен өзің жас болсаң да елге бас болып, аудандық соттың төрағасы ретінде қызмет атқарып, ауыр кезеңде екі тектар жерімен жарамсыз болып қалған үш қабатты нысанды сот ғимаратына айналдырып, өзін меценат ретінде ауқымды қаражатыңа күрделі жөндеу жасап, Әділет министрлігінің балансына өткізіпсің. Мұны естіген



жаңа министр Н.Шайкенов 1993 жылы 12 тамызда сол соттың базасында үлгі ретінде республикалық семинар-кеңес ұйымдастырғанын білемін. Осындай өтпелі кезеңдегі жұмысың құптарлық іс» деді.

Ол кісі маған: «Ертең сағат 11-де келіп, мені Сарығаштағы кеңсеңді көрсетуге алып бар, содан әрі Алматыға ұшып кетемін» деді. Біздің ұлы академикпен ұстаз бен шәкірт арасындағы таныстығымыз осылай басталды. Ол кісінің айтуымен, көптеген тақырыптар ұсынуымен бірнеше ғылыми еңбек жазып шығардым. «Криминология» және «Қылмыстық құқық» оқулықтарын кең көлемде орыс және қазақ тілінде жаздым. Олар Санкт-Петербург, Мәскеу, Алматы қалаларының баспасынан да ерте кезеңде шықты. Жалпы Салық Зиманов өте талапшыл, жұмыс барысында қатаң, сесі бар тұлға болатын.

Ұлы Отан соғысының 80 жылдығы қарсаңында айтарым, ол кісінің соғыстың басынан аяғына дейін 7 жыл қатысып, қан майданда қаншама қиыншылық көргенін өз аузынан естігенмін. Апталап қоршауда қалғанда аштан, су тапшылығынан қаншама әскердің қырылғанының куәгері болған екен. Міне, сондай текті азамат бейбіт өмірде де бүкіл саналы өмірін Қазақстанның білімі мен ғылымына арнады. Әсіресе, еліміздің Егемендік туралы тұңғыш декларациясын дайындау бойынша жұмыс тобының жетекшісі ретінде және тұңғыш Конституция авторының бірі ретінде үлкен жұмыс атқарды. Алғашқы декларацияны Жоғарғы Кеңестің мінбесінен 5-6 сағат бойы тік тұрып, оның әрбір тармағын депутаттарға түсіндіруде шаршамай-талмай, жеткізе білгенін сол кездегі Жоғарғы Кеңестің депутаты, медицина ғылымының докторы, профессор Иманәлі Байдәулетов жыр ғып айтады. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш декларациясы бекітілді. Ол кісі 91 жасына қараған шағында дүниеден озды. Артында қалдырған еңбектерін өте мол. Ата заңдар туралы 10 томдық көлемді еңбек жазып қалдырды. Біз секілді шәкірттерін артқан аманаты да есімізде: «Сен біздің еліміздің бас криминологы ретінде қалыптастың, ал саған артатын аманаттың жауапкершілігі мол» деп айтқан сөзі ұстазымның маған деген үлкен сенімі болды.

Ол кісінің шәкірттеріне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз, қатаң талапшыл, әкелік қамқорлығы, тәрбиесі ерекше болды. Шындығын айтқанда, мұндай өнегелі адамның жақсылығын көру – көп адамның басына қона бермейтін бақ. Сондықтан мен әр кезеңде өзімнің ұлы рухани ұстазым Салық Зимановты мақтан тұтамын!

Есберген АЛАУХАНОВ,
заң ғылымдарының докторы,
профессор, халықаралық «Алаш»
ә

ЖАҢА АУЛА АШЫЛДЫ



Елорданың Байқоңыр ауданында Отан қорғаушылар күнінде жаңа абаттандырылған аула кеңістігі ашылды. Кеңістік Ш.Уәлиханов көшесі, 1 және С.Рахимов көшесі, 22 аулаларын жалғайды.

Мереке құрметіне ауланың тұрғындары аниматорлардың қатысуымен балалар мен ересектерге арналған ойын-сауық бағдарламасын ұйымдастырды. Сондай-ақ мерекелік дастархан жайылды.

«Біз осындай сыйлыққа қуанып отырмыз және өте ризамыз. Ауламыз-

дың күрделі жөндеуден өтуін көптен күттік. Енді ол түрленіп шыға келді. Бәрі жаңа, заманауи. Бұл «Халықтың бюджетке қатысу» жобасы бойынша емес, жоспарлы жаңғырту арқылы жасалды. Мұнда ұзақ уақыттан бері тұрып келеміз, үш жыл бұрын МИБ аштық. Содан бері үйімізді тәртіппен ұстауға, тұрғындарға ыңғайлылық жасауға тырысамыз. Біздің үйде 136 пәтер бар, онда 600-ге жуық адам тұрады, 10 үй-жай бар. Сондықтан біз үшін ауланың барлығына ыңғайлы әрі қауіпсіз болуы маңызды» деп атап өтті «Данияр» ТК МИБ төрағасы Нұрсұлу Ақшымова.

Естеріңізге сала кетейік, биыл 180-нен астам аула мен қоғамдық кеңістік (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) абаттандырылады. Жұмыстар қаланың барлық ауданында жүргізіледі.



ЖАСЫЛ БАСТАМАЛАР ФЕСТИВАЛІ

«Жұмысшы мамандықтары жылына» орай елорданың Сервис және туризм колледжінде «Табиғаттан – кәсіпке: жасыл бастамалар» атты фестиваль-көрме өтті. 400-ге жуық білім алушы қатысқан іс-шара экологиялық мәдениетті дамытуға, кәсіптік бағдар беруге және жастар арасында жұмысшы мамандықтарын насихаттауға бағытталды.



Индира БЕРЖАНОВА

Фестиваль барысында экологиялық таза материалдардан жасалған гүл композициялары мен флористикалық жұмыстардың көрмесі ұсынылды. Сонымен қатар, экожобалар, қайта өңделген материалдар мен автокөлік бөлшектерінен жасалған бұйымдар да таныстырылды. «Қалдыққа екінші өмір сыйла» атты жоба бойынша полиэтилен пакеттен жасалған кілемше, сабыннан жасалған гүлдер, 2200-ден аса асықтан жиналған жылқы бейнесі, салауатты тамақтану бағытында экологиялық таза өнімдерден әзірленген тағамдар мен суындарды көпшілік қызықтап тамашалады. Аталған жобалардың барлығын

«Флористика», «Ландшафттық дизайн», «Туризм», «Орман шаруашылығы», «Тамақтануды ұйымдастыру» және басқа да мамандықтар бойынша оқитын студенттер бірлесе жұмыс істеп, өз қолдарымен жасап шығарған. Фестивальде өз жобасын ұсынғандардың қатарында «Орман шаруашылығы» мамандығының 3-курс студенті Алдияр Дүйсекеев VR-көзілдірік арқылы бақыланатын «Виртуалды саябақ» атты жобасын көрсетті. Заманауи саябақ үлгісі арқылы білім алушы өз мамандығының маңызын білдіруге тырысты.

Іс-шарада сөз алған Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті басшысының орынбасары Ақсира Қасымова «Жұмысшы мамандықтары жылының» ар-

тықшылығын айта келе, колледж студенттерінің жұмыспен қамтылуына бағытталған бастамалар туралы мәлімдеді. Ал колледж директоры Салтанат Басығараева мұндай фестивальдер студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Сонымен қатар фестивальде «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша «Elite PrintHub» ресурстық орталығы мен «Бақ-саябақ шаруашылығы» мамандығы бойынша «GulHub» ресурстық орталығы салтанатты түрде ашылды. Орталықтардың ашылуына колледждің әлеуметтік серіктестері қолдау білдірді. Астаналық Білім басқармасы өкілдері, Сарыарқа ауданының 9-сынып оқушылары және өзге де қатысушылар өндіріске бірден араласуға ықпал ететін орталық жұмысымен танысты. Мектеп оқушылары болса кәсіптік бағдар беру бағытында кеңес алды.

Іс-шара бағдарламасы Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Қазақ елі – достық мекені» атты ұлттық мәдениеттер фестивалімен жалғасып, онда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің табиғи, экологиялық таза өнімдерден әзірлеген дәстүрлі тағамдары қойылған көрме ұйымдастырылды.

«Колледжіміз студенттерге еңбекке ерте араласуға мүмкіндік береді. Мысалы, өзім өндірістік тәжірибеден өтіп, қаладағы белгілі мейрамханалардың бірінде шеберлігімді шыңдадым. Енді «World Skills» байқауына дайындық үстіндемін. Осы уақыт аралығында аспаз болу оңай емес екенін түсіндім. Бастысы – өзіңді жақсы қырынан көрсете білу, сол кезде нәтижеге жетуге болады» деді «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының 2-курс студенті Ерасыл Кәдірбек.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылғы 13 мамыр сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

- «Астана қаласында жаңа аудан құру, аудандардың шекараларын өзгерту және белгілеу туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №279/36-VII бірлескен шешіміне және Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №1-3728 қаулысына өзгерістер енгізу туралы.
- Астана қаласының аумағында Құрылыс қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы.
- «Астана қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулато-

риялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі №221/27-VIII шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы.

4. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Ардақты ардагерлер мен тыл еңбеккерлері! Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Айтулы күн – туған жерін қорғауға ұмтылған халықтың өр рухының, ерлігінің және бірлігінің символы. Біз еркіндік пен бейбіт өмір үшін жанын қиған аталарымыз бен бабаларымыздың өшпес ерлігі алдында бас иеміз.

Ұлы Жеңіс халқымыздың жадында әділеттің, ел бірлігінің және қаһармандықтың мәңгілік белгісі болып қалады. Бұл – тек әскери жеңіс емес, болашақ ұрпаққа үлгі болатын ерлік пен отансүйгіштіктің өнегесі.

Жарқын мерекеде сіздерге мықты денсаулық, амандық, бақ-береке тілеймін! Әр шаңырақта шаттық пен татулық орнап, еліміздің аспаны әрдайым бейбіт болсын!

Құрметпен,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы
Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН



Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері, астаналықтар!

Ұлы Жеңіс күні жүрегімізде мәңгілік батырлық, қайсарлық және Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің белгісі болып қала береді. Сіздер ұрыс алаңында да, тылда да ерен ерлік көрсетіп, бейбіт өмірді сақтап қалдыңыздар. Сіздер еліміздің нағыз батырларысыздар. Майдандағы және тылдағы ерліктеріңіз ешқашан ұмытылмайды, оны біз болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақыт пен амандық тілейміз! Ұлы Жеңіс туралы естеліктеріңіз әрқашан жүрегімізде сақталады. Әрдайым құрмет пен қамқорлыққа бөленіңіздер! Жеңістің 80 жылдығы құтты болсын!

Ізгі ниетпен,
«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Астана қалалық
Ардагерлер кеңесінің төрағасы
Сансызбай ЕСІЛОВ

Қадірлі ардагерлер! Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күні біз Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткен жауынгерлеріміздің ерлігін, олардың Отанына деген адал қызметін құрметтейміз. 80 жыл бұрын бүкіл әлемді дүр сілкіндірген Ұлы Жеңіс ұрпақтарымызға бейбіт өмір мен тәуелсіздік баға жетпес сый екенін ұғындырады. Ардагерлеріміздің қайсарлығы мен ерлігін әрдайым жүрегімізде сақтап, оларды ұлықтау – біздің басты міндетіміз. Тылдағы еңбеккерлердің еңбегі де ешқашан ұмытылмайды. Жеңіс бізге тыныштық пен келісім, өзара түсіністік пен бірліктің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, ұзақ өмір, баянды бақыт пен табыс тілеймін! Елімізде әрдайым бейбітшілік пен тыныштық болсын, ерлік пен құрмет ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсін!

Игі тілекпен,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы
Зулфухар ҒАЙЫПОВ

ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТІЛДІ

«Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы және «Таза білім ордасы» апталығы аясында экологиялық сенбілік өтті. Іс-шараны Аманат партиясының «Жастар рухы» жастар қанатының, Қазақстан халқы ассамблеясының және «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының қолдауымен Жастар саясаты мәселелері басқармасы ұйымдастырды.

Белсенді жастар қаланы тазартып қана қоймай, қарт адамдарға қамқорлық көрсетті. Олар орталықтың аумағын қоқыстан тазартып, көгалдандырды. Осылайша, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қараудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

«Іс-шара аға ұрпаққа – ардагерлерге, тыл еңбеккерлеріне, еліміздің дамуына зор үлес қосқан жандарға құрмет көрсетуге арналған. Мұн-

дай акциялар тұрақты түрде өтеді, көктем мезгілінің басынан бастап бұл бастама үшінші немесе төртінші мәрте ұйымдастырылды. Біз қоғамдық кеңістікті көгалдандыруға немесе тазартуға үлес қосып қана қоймай, жастардың өткен тарихқа және тарихи оқиғалардың ортасында болған жандарға құрмет көрсетудің насихаттаймыз» дейді Жастар саясаты мәселелері басқармасының жетекші маманы Әлібек Жүсіпов.





Соңы. Басы газетіміздің №52 (4796) санында

Ақмола қаласында 387-атқыштар дивизиясын құру туралы бұйрық 1941 жылы тамызда (11.08.1941 ж. №2/539008) келеді. Бұл жолы әскери жауынгерлік дайындыққа 2,5 ай уақыт беріледі, 1941 жылы 20 тамыздан 6 қарашаға дейін дивизия толық жасақталып, 6, 7 және 8 қарашада Ақмола қаласынан 15 эшелон, соңынан 14 қарашада тағы 14 эшелон Пенза темір жолымен Батыс майдан құрамындағы Мичурин қаласының аудандарына қорғаныс шебін құруға аттанады. 18 қарашада майдан даласына келген дивизия 61 армия құрамында Тула, Орлов



АҚМОЛАНЫҢ ӘСКЕРИ КҮШТЕРІ

облыстарында басталған ұрыстардан Сталинградқа дейін, одан әрі дивизия Новочеркасск, Донбасс, Мелитополь, Перекоп, Севастополь, Қырым қалалары үшін болған ұрыста да «тар жол, тайғақ кешуден» өтеді, батылдық пен табандылықтың үлгісін көрсетеді. 1944 жылы 24 сәуірде Перекоп шетіндегі шабуыл операциясындағы ерлігі үшін Жоғарғы Бас қолбасшының №0102 бұйрығымен оған «Перекоп 387-атқыштар дивизиясы» деген атақ беріледі.

Дивизияның алғашқы командирі ретінде полковник Максим Андреевич Сущенко есімі аталады. Ол Украина Республикасының (Новгород) коменданты қызметінен келді. 387-атқыштар дивизиясында 01.09.1941-31.05.1942 жылдар аралығында әскери комиссар, полк комиссары Артем Дмитриевич Шкumat, штаб бастығы, батальон комиссары Данилевский, саяси бөлімнің бастығы, батальон комиссары Яков Михайлович Сикар болды. Штабтық бөлімшелердің офицерлері полктер мен батальондар командирлері болып тағайындалса, роталар мен взводтарды Алматы, Ташкент және басқа да қалаларда әскери училищелерді мерзімінен бұрын бітірген жас офицерлер, сондай-ақ запасқа шақырылғандар басқарды.

Жеке құрамның саны шамамен 11500 адам болды. Дивизия құрамында майданға аттанған 25-тен 40 жасқа дейінгі сержанттар мен жеке құрамның басым бөлігі Солтүстік және Орталық Қазақстанның азаматтары, Ақмола облысының

колхозшылары, жұмысшылары мен қызметкерлері болатын, олар 30-ға жуық ұлттардан құралған еді.

1941 жылы 4 желтоқсандағы Орта Азия әскери округінің №00121 бұйрығымен 25 желтоқсанда Ақмола қаласында 459-атқыштар дивизиясы құрыла бастайды. Бірақ 1942 жылғы 18 қаңтардағы №004 бұйрықпен 29-деген нөмір беріледі. 29-атқыштар дивизиясын құруға және жауынгерлерді әскери дайындықтан өткізуге төрт айға жуық уақыт берілді. Бұл, әрине, жауынгерлік құрамның сапасына айтарлықтай әсер етті, оқу-жаттығу кезінде жауынгерлер шабуыл, қорғаныс, қарсы ұрыс, т. б. әдіс-тәсілдерді меңгеріп шықты. 1942 жылы сәуірдің басында Ақмола мен Қарағанды темір жол станцияларынан 29-дивизияның құрамалары эшелондарға отырып, Тула облысына бет алды. Дивизия 1942 жылы шілдеде Сталинград бағытына ауыстырылады, жауынгерлер Сталинград шайқасына оқ пен оттың ортасына түседі. Дивизия фашистерге адам күшімен де, техникасы жағынан да орасан зор зиян келтіре алды. 1943 жылдың 10-31 қаңтары аралығындағы фельдмаршал Паулюс жауынгерлерімен көшедегі ұрыс кезінде 5200-ге жуық адам жойылды, 13 мыңнан астам неміс және румын солдатты мен офицері тұтқынға алынды, оның ішінде екі генерал бар. Қазақ жауынгерлерінің Сталинградты қорғау кезінде көрсеткен ерлігі үшін 1943 жылы 1 наурызда КСРО Халық комиссариатының

№104 бұйрығымен 72-гвардиялық дивизия деген атақ беріледі. 1943 жылдың жазында дивизия Белгород түбіндегі Курск доғасындағы ұрыстарға қатысып, Харьков, Мерефа, Красноград, Кировоград қалалары үшін ауыр шайқастарды бастан өткерді. 1943 жылы 19 қыркүйекте Красноград қаласын азат етудегі ерлігін есте сақтау мақсатында «Красноградская» құрметті атағы беріледі. Кировоградты азат еткені үшін 1944 жылы қаңтарда Қызыл Ту орденімен марапатталады. Бұл дивизия Румыния, Трансильвания, Венгрия, Австрия және Чехословакияны фашистерден азат етуге қатысты. Дивизияның бірінші командирі, полковник Федор Никитич Жабров есімі (14.12.1941-23.04.1942) кеңестік әскери басшы, генерал-майор (01.09.1943) шенімен тарихта қалды. Дивизия 01.03.1943-11.05.1945 жылдар аралығында тұрақты армия сапында жауға қарсы шайқасты.

1942 жылы наурыз-сәуір айларында жасақталған 106-кавалериялық дивизия Ақмола, Петропавл, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарынан шақырылған жеке құраммен жасақталды.

Майдан қажеті үшін аттар жоғарыда аталған облыстардан арнайы іріктеліп, жеткізілді. Кавалеристер ер-тұрманмен жабдықталған атпен майданға аттанды. Кавалерия құрылған күнінен бастап 1942 жылдың 25 наурызына дейін Қазақ КСР-інің бюджетінде болды. Дивизияның Қызыл Армия құрамалары-

на қосылуға дайындығының жай-күйін комиссия 1942 жылғы 5 наурыздан 10 наурызға дейінгі аралықта тексерістен өткізді.

Ақмолада құрылған 106-ұлттық кавалериялық дивизияның сапы 4499 адам болып белгіленген еді, оның 4322-сі сапқа тұрды. Бұл белгіленген штаттың 96 пайызын құрады. Дивизияның 321 жауынгері ұрыста шыңдалған, тәжірибелі сарбаздар еді, олар жалпы құрамның 7,4 пайызын құрады. Жеке құрам мен ат-көліктер 12 эшелонға тиеліп, майдан даласына аттанды.

Алғашқы эшелон 1942 жылы 23 наурызда Ақмоладан шығып, генерал А.Носковтың 6-кавалериялық корпусына кірді. Соңғы эшелон Харьковке 12 мамырда жетті.

Дивизия командирі полковник Борис Никифорович Панков есімі (25 шілде 1896 ж. -13 мамыр 1974 ж.) кеңестік әскери басшы, Ұлы Отан соғысына қатысушы ретінде құрметпен аталады. Кеңес Одағының Батыры (6 сәуір 1945 ж.) гвардия генерал-майоры (17.11.1943 ж.) 1941 жылы маусымда Қазақ шекара ауданын жабдықтау бастығының орынбасары болып тағайындалды. 1941 жылы желтоқсанда майор Б.Н.Панков Ақмола қаласында құрылған Орта Азия әскери округі 106-қазақ ұлттық кавалерия дивизиясының командирі болып тағайындалды. 1942 жылы 16 наурызда Қызыл Армияның кавалериялық инспекциясының қарамағына жіберілді. Дивизияның әскери комиссары, аға батальон комиссары Темірғали

Мамбатов (3.03-тен 20.03.42 ж.-ға дейін), саяси нұсқаушы Нұрқан Сейітов, саяси бөлім меңгерушісі, аға саяси нұсқаушы Сағадат Меңдіғожинұлы Құлмағамбетов; бөлімнің аппарат басшысы, майор Павел Михайлович Осадченко ерліктері де өз алдына бөлек әңгімеге арқау боларлық. Кейін табылған архив деректері бойынша дивизия құрамында аттылы 4092 адам, қару-жарақтан 102 винтовка, 68 миномет, 3100 қылыш болғаны анықталды.

Қазақ сарбаздары атпен неміс танкілеріне және пулеметтерге шабуылдаған. Жау оларды төбесі биік сайға қарай ықтырып, сайдың түбінде жиналған салт атты қазақ сарбаздарына оқ жаудырған. Харьков облысының Красноград ауданының елді мекендеріндегі ұрыс алаңдарын және бауырластар зираттарын зерттегеннен кейін, 200-ден астам кавалерист сарбаздың есімі жаңғыртылды. Сонымен қатар Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ақмола қаласы депортацияланған халықтарды орналастыру үшін маңызды орталық мәртебесіне ие болды.

Ақмола қалалық партия комитеті Еңбекшілер депутаттары кеңесінің атқарушы комитетімен бірлесіп, арнайы қоныс аударушыларды орналастыру жұмыстарын кешенді басқаруды жүзеге асырды.

Олардың құзыретіне жұмысқа орналастыру, қоныстандыру, әскерге шақыру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы ресурстарын бөлу және Солтүстік Кавказдан қоныс аударушыларды қаржылай қолдау мәселелері кірді. Осы міндеттермен қатар КСРО-ның оккупацияланған аумақтарынан эвакуацияланған халықты орналастыру қажеттілігі туындады. Статистика деректері соғыстың бірінші жылында ғана Ақмола облысы 30000-ға жуық эвакуацияланған адамды қабылдағанын растайды. Соғыс уақытындағы төтенше жағдайларға қарамастан, жергілікті билік қолдау тұрғын үй жағдайымен және медициналық көмекпен қамтамасыз етуге міндетті болды.

Сол бір сұрапыл жылдар елесі бүгінде тарихтың қатпарында қалғанмен, ерлік рухы елмен бірге жасай бермек. Бейбітшілік пен татулықты сақтау бізге мұра болып қалған өткеннің үлкен сыйы десек, сол ұғымға әрдайым адал болу – қасиетті борышымыз. Батырлар рухына тағзым етіп, тарихты ұмытпау – елдігіміздің белгісі.

Ғазиза ИСАХАН,
Астана қаласы мемлекеттік архиві ғылыми-зерттеу және ақпараттық-түсіндіру жұмысы қызметінің басшысы

БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН БАРҒАН

Ұлы Отан соғысына Ақмола қаласының іргесіндегі Берді ауылынан аттанған Шамбай Сарбасов – Жеңіс күнін Берлинде қарсы алған майдангердің бірі.



Менің әкем Шамбай Сарбасов Ақмоланың әскери комиссариатынан тексеруден өткеннен кейін, ел басына қасірет әкелген сұрапыл соғысқа 460-миномет полкінің сапында кіріседі. Неміс фашистерінің шабуыл ұйымдастыруы ықтимал майдан шебін миналаумен айналысады. Соғыс кезіндегі жауынгерлік ерлігі үшін бірнеше мәрте полк басшылығынан алғыс алады.

Асқар таудай әкемнің соғыс туралы айтқан әңгімелері менің санамда әлі жаңғырып тұр. 1945 жылдың басында полк құрамында Польша астанасын фашистерден азат етуге қатысады. Бірнеше күнге созылған қиян-кескі ұрыстардан кейін Кеңес әскерлері неміс басқыншыларын Варшавадан түгелдей қуып

шығады. Осы ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін «Варшаваны азат еткені үшін» медалімен марапатталады. Бұл кезде Гитлер жауынгерлері біртіндеп кейін шегініп жатқан болатын. Содан майдангер әкем қаруластарымен Берлинге бет алады. Неміс фашистерімен бірнеше күн бойы шайқас жүргізеді.

Берлиндегі Жеңіс күнін қарсы алған сәтін әкем өмір бойы айтып, мәртебе санайтын. Әсіресе Сталиннің бұйрығымен «Берлинді алғаны үшін» медалін алғанын мақтан ететін.

Соғыстан кейін туған елге оралып, бала-шағасымен қауышып, еңбек майданына араласты. Ұзақ жылдар теміржол саласында еңбек етті.

Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан со-

ғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігін ұмытпау кейінгі буынның азаматтық парызы деп білемін. Соғыста әкелеріміз бен аталарымыз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Отан алдындағы антқа адалдығын көрсетті. Осы орайда мен де ардагердің ұрпағы ретінде майданда қанымен, жанымен Жеңіс күнін жақындатқан, қара түнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгердің ерлігі үшін қарыздар екенімізді еске салғым келеді. Жеңіс күні соғыс қасіретін көрген әрбір майдангердің ұрпағы үшін қасиетті болып қала береді.

Орынбасар ШАМБАЙҚЫЗЫ,
майдангердің қызы

ЖЕҢІСКЕ АРНАЛҒАН КІТАПТАР

Шапағат
ӘБДІР

Таныстырылған кітаптардың алғашқысы – «Жеңіс жауынгерлері. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты жинақ. Бұл кітап Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақстандық жауынгерлердің ерлігі мен күрес жолы жайында кеңінен мағлұмат береді. Кітапта жауынгерлердің соғысқа қатысқан жылдардағы қиын-қыстау кезеңдері, олардың Отанына деген сүйіспеншілігі мен батырлығы баяндалады.

Екінші кітап – тарих ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Озғанбай мен ҚР ПІМ-нің құрметті ардагері Көпболсын Бекмағанбеттің бірігіп шығарған «Өтті жылдар – отты жырлар» атты кітабы. Бұл еңбек майдангерлердің соғыс жылдарындағы тапқыр сөздері мен әзіл-қалжыңдарын, шағын әңгімелері мен өлең жырларын даласындағы тыныс-тіршілікті, сол кезеңнің ерекше атмосферасын ашып көрсеткен. Кітапқа майдангерлердің сұх-



Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған үш кітаптың таныстырылымы өтті. Олар қазақстандық жауынгерлер мен майдангерлердің ерлігін, соғыстағы өмірін және жауынгерлік рухын дәріптейді.

баттары, сирек фотолар мен соғысқа қатысты естеліктер топтастырылған. Сонымен қатар бұл кітап жаңартылып, то-

лықтырылып, қайта басылып шығып отыр.

Үшінші кітап – тарихшы Жұмабай Доспановтың «Қару

мен қалам» атты кітабы. Бұл еңбек қазақстандық журналистер, ақын-жазушылар мен әдебиетшілердің соғыс-

тағы ерлігін, олардың қару мен қаламды қатар ұстаған күрескерлік жолын баяндайды. Кітапта қанды майданда

өз сөзін қорғай білген тұлғалардың архивтік материалдары, құжаттары, деректерге негізделген анықтамалар топтастырылған және соғыс жылдарында қаламгерлер мен журналистердің атқарған маңызды рөлін көрсетеді.

Аталған кітаптар Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу және насихаттау, архивісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы аясында жарық көрген. Таныстырылымға министрлік өкілдері, қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері мен оқырмандар қатысып, кітаптардың маңызын атап өтті.

– Ұлы Жеңіс мерекесі – бүкілхалықтық, керек десеңіз, әлемдік мереке. Кешегі Ұлы Отан соғысы – біздің қазақ халқы үшін үлкен трагедия. Сол Жеңістің 80 жылдығына арнап осындай 3 кітап жарыққа шығып отыр. Бұл үлкен оқиға, үлкен рухани іс деп білемін, – деді ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ақын Баяғали Әлімжанов.

СӨЗ БЕН САЗ ӨНЕРІНЕ ЖАҚЫН ЖАН



Елімізде Жеңіс күні туған талай қазақ баласы жөргегінен Жеңіс атанды. Бұл күндері Жеңістің 80 жылдығын атап өтіп жатсақ, оның 20 жылдығы тұсында дүниеге келген белгілі қылқалам шебері Жеңіс Кәкенұлы 60 жастың асқарына шығып отыр. Осыған орай, Астанадағы Тұңғыш Президент музейінде суретшінің өмірдегі мерейтойына және өнердегі қызметінің 35 жылдығына арналған «Суретші және оның замандастары» атты портреттер көрмесі ашылды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Көрнекті ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Серік Тұрғынбекұлы ақын ағасы Жеңіс Қашқыновқа арнауында «Жеңіс, Жеңіс мен үшін жемісі мол ағаштай» деп жазады. Сол сияқты Жеңіс Кәкенұлын да жемісі мол ағашқа теңеуге болады. Суретші таланты, еңбекқорлығы, ізденімпаздығының арқасында бүгінгі биігіне жетті. Әсіресе оның сериялы суреттері осы күндері кең тарады. Осыдан 11 жыл бұрын «Сәйгүлік семантикасы-4» көрмесін тамашалап, танысқан едік. Содан бері өнеріне тәнтіміз. Сол көрмеге қойылған картиналар бізді түрлі ойға жетеледі. «Сәйгүлік» сериясын көріп, автор бірнеше өнерден хабары бар екен деген пайымға келдік. Қателеспегенімізді арада өткен жылдар көрсетіп отыр.

Жеңіс Кәкенұлының «Суретші және оның замандастары» көрмесіне суретшінің автопортреттерін бастап, аулеті, өмірде араласып, сыйласқан, қазір де құрметтейтін адамдардың картиналары қойылды. Графика мен кескіндеме техникасын да орындалған барлығы 100 портреттің арасында танымал тұлғалар да баршылық. Оның өнер жолы «Ақ желкен» (бұрынғы «Пионер») журналынан басталды. Бұл басылымының сол кездегі бас редакторы, «Поэзия падишасы» атанған Фариза Оңғарсынова талантын тап басып, суретші-иллюстратор ретінде жұмысқа алған еді. Көрмені айшықтап тұрған суреттердің бірі – Фариза ақынның портреті.

Төрт жыл бұрын Жеңіс Кәкенұлының «Күміс қауырсын» сериясынан құралған «Пандемия. Шектеу. Самғау» көрмесін тамашаладық. Бүкіл

әлемді жайлаған індет кезінде суретші жай жатпай, еркіндік, бостандық символы – құстардың кестеледі. Сол кезде есімізге құстарға құштар болған көрнекті ақын Есенғали Раушанов түсті. Суретші Есенғали ақынның қол астында «Зерде» (бұрынғы «Білім және еңбек») журналында көркемдеуші редактор болып та қызмет істеді. Сол себептен «Суретші және оның замандастары» көрмесінен Есенғали Раушанов портретінің орын алуы да заңды.

Жалпы жаңа көрмеде Қалихан Ысқақ, Әбіш Кекілбайұлы, Мұхтар Мағауин секілді суреткерлердің, біз жоғарыда атап өткен Серік Тұрғынбекұлының, басқа да сөз зергерлерінің портреттері көз тартады. Қазақ руханияты мен өнеріне, мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан Өзбекәлі Жәнібековтің суреті жүрекке жылулық ұялатады.

Суретшінің еңбек жолы

«Мәдениет» және «Тура би» журналдарында жалғасты. Белгілі басылымдардағы жұмысы оны сөз өнеріне жақындата түсті. Негізінен, мектеп оқушысы, студент кезінен кітап оқуға құштар болды. Бұған лиро-эпос жырларынан тамыр тартатын «Байшұбар», «Оралхан Бөкейді оқығанда», т. б. картиналары дәлел. Әсіресе, «Шәкәрімді жоқтау» атты картинасы көпшіліктің көңілінен шықты. «Суретші және оның замандастары» көрмесінде заңгер-журналист Сәулебек Жәмкенұлымен әңгімелесіп қалдық. Сонда ол осы картинада өткен ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ даласындағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннің бар қасіреті бейнеленгенін айтты.

Жеңіс Кәкенұлының қаламынан «Ақ зер» атты қос томдық та туды. Онда Пикассо, Рембранд, Айвазовский, Моне, басқа да әлемге әйгілі қылқалам шеберлерімен қа-

тар Жұмақын Қайрамбаев, Нағымбек Нұрмұхаммедов, Ерболат Төлепбай, Бақытнұр Бүрдесбеков, т. б. қазақ суретшілерінің шығармашылығы туралы кәсіби тұрғыдан жазылған. Суретшінің шығармашылығына орыстың атақты суретшісі Михаил Врубель мен тағдыры өзбек жеріне байланған қазақ Орал Таңсықбаев та әсерін тигізді. Жеңіс Кәкенұлы осындай бейнелеу өнерінің классиктеріне, алдындағы ағаларына қарап, бой түзей жүріп, өнердегі өз соқпағын тапты, шығармашылығын шыңдады.

«Менің шығармашылығым сөз және саз өнерімен тығыз байланысты. Күні бойы тыңдайтыным – қазақтың музыкасы. Ол болмаса, мен өзімді жалғыз сезініп қаламын. Музыканың өзі кей кезде былай сал, олай сал деп ритмге салып жібереді» деген еді суретші баяғы «Сәйгүлік семантикасы» атты көрмеде. Сонда ол ән ғана емес, қазақтың күйлерін де көп тыңдайды. «Суретші және оның замандастары» көрмесіне оның замандастарының өкілдері қойылған дәулескер күйші, ұстаз Жанғали Жүзбайдың, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенжеғали Мыржықбай-

дың портреттері оған айқын айғақ.

Бір ерекше атап өтерлігі, елімізде 2000 жыл «Мәдениетті қолдау жылы» болып жарияланғаны белгілі. Ал мұның эмблемасының авторы Жеңіс Кәкенұлы еді. Қылқалам шеберінің картиналары еліміздің шекарасынан тыс шығып, тіпті мұхит асты. Анау жылдары туындылары Нью-Йорк қаласында көрсетілді. Суретшінің жұмыстарын ұлттық колорит ерекшелейді. Ол нені салса да, ең алдымен, қазақы көзқараспен қарайды. Бұған жоғарыдағы «Сәйгүлік семантикасы» топтамасын айтсақ жеткілікті болар. Онда «Ұзату», «Бәсіре», «Айбозым» секілді картиналар бар.

Бүгінде Жеңіс Кәкенұлы Тұңғыш Президент музейінің суретші-реставраторы. Бұл өнер ошағы қызметкерін ерекше бағалайды. Көрменің ашылуында қылқалам шеберіне бірнеше мекеме мен одақтан құрмет көрсетілді. Арасында өзі қызмет істейтін өнер ордасы да бар. Біз білетін суретші – бір көрмесін өткізіп, соған масаттанатын адам емес, содан соң жаңа өріс іздейтін адам. Ойында жаңа жоспарлары жүргені күмәнсіз. Жаңа көрмеңізде жолыққанша, Жеңіс аға!

10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№53-54 (4798) 09/05/2025 Жұма

ДҮЙСЕНБІ

12 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Күй-керуен».
6:30 «Көңіл толқыны»
7:00 «ТАҢШОҒРАН».
10:10 «Зейнеп», Телехикая.
12:10 «Ауыл мұғалімі», Телехикая.
13:10 «Қызық екен...»
14:10 «Апта», Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Қос палата»
15:20 «Еңбек адамы», Арнайы жоба
15:50 «ТАТУ-ТӘТТІ», Реалити шоу.
17:10 «Әскери ант», Телехикая.
